

Протокол

Сводная таблица замечаний и предложений по Заявлению о намечаемой деятельности Казахстанского филиала АОЗТ «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» «Защита системы ДЭГ от избыточного давления. Замену теплообменника Е-408. Технологическая линия 4» от 31 марта 2023 года №KZ50RYS00370205

Дата составления сводной таблицы: 04.05.2023 г.

Место составления сводной таблицы: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 03.04.2023 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 03.04.2023 г. - 03.05.2023 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованный государственный орган	Замечания и предложения
1	Аппарат акима Западно-Казахстанской области Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений (письмо от 05.04.2023 г. №4-11/655) БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ Қазақстандық филиалының белгіленіп отырған қызметі туралы 2023 жылғы 31 наурыздағы №KZ50RYS00370205 өтініші бойынша орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ-нен келісім алу керектігін және қорытындыны ресми интернет-ресурсқа а.ж 5 сәуірінде орналастырғанын хабарлайды
2	Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии Комитета геологии Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан «Запказнедра»	Замечания и предложения (письмо от 05.04.2023г. №26-10-3-570) Рассмотрение вопросов, указанных в заявлении о намечаемой деятельности компаний по оценке воздействия на окружающую среду, не входит в компетенцию Департамента..
3	Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию использования и охраны водных ресурсов Комитета по водным ресурсам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 12.04.2023г. №18-13-01-03/678) «1.Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Су кодексі 125 және 126 - баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: 1.1. Су объектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылғыларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің

		жұмысына қатысты көлік инфраструктурасын қоспағанда жаңадан салынатын құрылыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (соның ішінде жер жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады. 1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады; 1.3. Су объектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су объектілерінің жұмыс режимін қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс –шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс; 2. Егер аумақта су объектілерінде су қорғау аумақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады. 3. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға ҚР Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.»
4	Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 05.04.2023 г. №2-10/420)
5	Акимат Бурлинского района	Не представлено
6	Департамент Комитета промышленной безопасности Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан по Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 06.04.2023г. №22-15-3-197/307)
7	Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Замечания и предложения (07.04.2023 г. №24-31-6-11/1078-И хаты): Согласно намечаемой деятельности работы будут выполняться на территории КНГКМ Бурлинского района Западно-Казахстанской области. По представленному заявлению будет проводиться защита системы ДЭГ от избыточного давления замена теплообменника Е-408. Намечаемый вид деятельности будет проводиться в пределах санитарно-защитной зоны КПО б.в и не требуется дополнительно определить

		размеры санитарно защитной зоны. Предположительные сроки начала реализации намечаемой деятельности и ее завершения начало строительства – 2024г, окончание – 2024-2037г. При проведении работ по строительстве рекомендуем обеспечить постоянную поддержку условий труда, обеспечить работников средствами индивидуальной защиты и руководствоваться принципом временной защиты, отвечающих требованиям санитарных правил, утвержденной приказом министра здравоохранения Республики Казахстан от 16 июня 2021 года No P-ДСМ-49 "Санитарно-эпидемиологические требования к условиям труда и бытового обслуживания при строительстве, реконструкции, ремонте и вводе в эксплуатацию строительных объектов".
8	Западно–Казахстанская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (02.05.2023 г. №2-16/241 хаты): Өтініште көрсетілген жер учаскесінде жасыл екпелер болған жағдайда, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 37-2 шешімімен бекітілген, «Батыс Қазақстан облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларының» 11, 36 тармақтарына сәйкес, Объектілерді жобалау және салу кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстары болжанатын учаскенің аумағында бар жасыл екпелерді барынша сақтай отырып, объектіні салуға берілген жер учаскесін көгалдандыруды көздеу қажет. Объектілерді жобалау және салу кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстары болжанатын учаскенің аумағында бар жасыл екпелерді барынша сақтай отырып, объектіні салуға берілген жер учаскесін көгалдандыруды көздеу қажет. Құрылыс салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінген учаскелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, егер қолданыстағы жасыл екпелер тұрғын үй құрылысы ғимараттарын қоса алғанда, басқа да құрылыстар үшін қатер төндіретін болса, ағаштарды кесу Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі. Жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде жануарлар дүниесіне әсерді азайту үшін Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 12-бабы 3-тарау 1-тармағына сай «Жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендейтін ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың өріс аудару жолдарына әсер ететін, немесе әсер етуі мүмкін болатын қызмет жануарлар дүниесінің, олар мекендейтін ортаның сақталуы мен өсімін молайтуды келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптары, оның ішінде экологиялық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс» екенін Инспекция ескертеді. Белгіленген қызмет, мемлекеттік орман қоры бар Бөрлі ауданының 6 елді мекен аумақтарында орналасқан. Соған орай, сұратылып жатырған учаскелерінің нақты орналасуын анықтау үшін, координаттық нүктелерімен сұлбалары қосымша тіркелуі қажет екенін қаперіңізге саламыз.
9	Управление строительства	Замечаний и предложений нет (письмо от 07.04.2023г. №06-

	Западно-Казахстанской области	7/436)
10	Заинтересованная общественность	Не представлено

«ДЭГ жүйесін артық қысымнан қорғау. Е-408 жылу алмастырғышты ауыстыру. №4 технологиялық желі» «Карачаганак Петролиум Оперейтинг б.в.» ЖТАҚ Қазақстандық филиалының белгіленіп отырған қызметі туралы 2023 жылғы 31 наурыздағы №KZ50RYS00370205 өтініші бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 04.05.2023 г.

Жиынтық кесте жасалған орын: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 03.04.2023 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 03.04-03.05.2023 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер (05.04.2023 ж. № 4-11/655 хаты) БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ Қазақстандық филиалының белгіленіп отырған қызметі туралы 2023 жылғы 31 наурыздағы №KZ50RYS00370205 өтініші бойынша орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ-нен келісім алу керектігін және қорытындыны ресми интернет-ресурсқа а.ж 5 сәуірінде орналастырғанын хабарлайды.
2	Қазақстан Республикасының индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология комитетінің «Батысқазақжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті;	Ұсыныстар мен ескертулер (05.04.2023ж. №26-10-3-570 хаты): Қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша компаниялардың белгіленген қызметі туралы өтініштерде көрсетілген мәселелерді қарау Департаменттің құзыретіне кірмейді.
3	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (12.04.2023ж. №18-13-01-03/678): «1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Су кодексі 125 және 126- баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: 1.1. Су объектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылғыларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің

		жұмысына қатысты көлік инфраструктурасын қоспағанда жаңадан салынатын құрылыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (соның ішінде жер жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады. 1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады; 1.3. Су объектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су объектілерінің жұмыс режимін қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс –шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс; 2. Егер аумақта су объектілерінде су қорғау аумақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады. 3. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға ҚР Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.»
4	Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (05.04.2023ж. №2-10/420 хаты)
5	Бөрлі ауданының әкімдігі	Ұсынылған жоқ
6	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министірлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (06.04.2023ж. №22-15-3-19/307 хаты)
7	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер (07.04.2023 ж. №24-31-6-11/1078-И хаты): Белгіленіп отырған қызмет түріне сәйкес жүргізілетін жұмыстар Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, ҚМГККО аумағында жүргізіледі. Өтінішке сәйкес жүргізілетін жұмыс түрі –ДЭГ жүйесін артық қысымнан сақтау, Е-408 жылу алмастырғышын ауыстыру. Белгіленіп отырған жұмыс түрі КПО б.в объектілері үшін белгіленген санитариялық қорғаныш аумағында жүргізіледі, қосымша санитариялық қорғаныш аумағын белгілеуді қажет етпейді. Белгіленіп отырған қызмет түрінің орындалу мерзімі: құрылыстың басталуы -2024 жыл, аяқталуы –2024-2037жылдар.

		Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беруші осы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз.
8	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (02.05.2023 ж. №2-16/241 хаты): Өтініште көрсетілген жер учаскесінде жасыл екпелер болған жағдайда, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 37-2 шешімімен бекітілген, «Батыс Қазақстан облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларының» 11, 36 тармақтарына сәйкес, Объектілерді жобалау және салу кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстары болжанатын учаскенің аумағында бар жасыл екпелерді барынша сақтай отырып, объектіні салуға берілген жер учаскесін көгалдандыруды көздеу қажет. Объектілерді жобалау және салу кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстары болжанатын учаскенің аумағында бар жасыл екпелерді барынша сақтай отырып, объектіні салуға берілген жер учаскесін көгалдандыруды көздеу қажет. Құрылыс салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінген учаскелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, егер қолданыстағы жасыл екпелер тұрғын үй құрылысы ғимараттарын қоса алғанда, басқа да құрылыстар үшін қатер төндіретін болса, ағаштарды кесу Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі. Жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде жануарлар дүниесіне әсерді азайту үшін Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 12-бабы 3-тарау 1-тармағына сай «Жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендейтін ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың өріс аудару жолдарына әсер ететін, немесе әсер етуі мүмкін болатын қызмет жануарлар дүниесінің, олар мекендейтін ортаның сақталуы мен өсімін молайтуды келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптары, оның ішінде экологиялық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс» екенін Инспекция ескертеді. Белгіленген қызмет, мемлекеттік орман қоры бар Бөрлі ауданының 6 елді мекен аумақтарында орналасқан. Соған орай, сұратылып жатырған учаскелерінің нақты орналасуын анықтау үшін, координаттық нүктелерімен сұлбалары қосымша тіркелуі

		қажет екенін қаперіңізге саламыз.
9	Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (07.04.2023ж. №06-7/436 хаты)
10	Мүдделі жұртшылық	Ұсынылған жоқ